

ЖАСӨСПІРІМНІҢ СИБЛИНГТІ ПОЗИЦИЯСЫН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ПСИХОЭМОЦИОНАЛДЫ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУІ.

Төреғалиева Гүлдана Асқарқызы

«Клиникалық психология» мамандығының 1 курс магистранты,
Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: gul_11.98@mail.ru

Түйіндеме

Адам баласының қарапайым өмір барысы психоэмоционалды күйлерсіз өтпейді. Ана құрсағында қалыптасып бастаған сәттен өзін қоршаған әлеммен эмоциялық деңгейде қарым-қатынас жасап бастайды. Дүниеге келгенде де, сөйлеу білмейтін сәбидің негізгі құралы ол - эмоциясы. Сондықтанда эмоцияны бірінші тіл деп бекер айтпаса керек. Ал, жасөспірім шақтан күрделі өзгерістер арқылы тұлғалану сатысына өтіп қалыптасатын осы психоэмоционалды күйді реттей алу маңызды мәселе болып отыр. Заман ағымының күрделенуі, талаптың жоғарлауы адамның осы эмоционалды сферасына өз ықпалын тигізері сөзсіз. Мақалада біз зерттеу тақырыбына сай теориялық ғылыми жұмыстарды талдап өттік. Жасөспірімдік даму кезеңі кризистік әрі болашақтағы адамның тұлғалық қалыптасуына өз ықпалын тигізетін кезең болып табылады. Жасөспірімнің психоэмоционалды өзін-өзі реттеуінде отбасыдағы туылу кезегінің маңызын анықтауға бағыттадық. Бірінші әлеуметтік орта ретінде отбасы баланың психикалық денсаулығының дұрыс қалануына алғышарт болады. Теориялық жинақталған білімдер негізінде мақалада сиблингті позицияның баланың жеке-психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуына әсерін зерттеген ғалымдардың жұмыстарына тоқталып өттік.

Түйін сөздер: жасөспірім, сиблингті позиция, эмоция, өзін-өзі реттеу

ПСИХОЭМОЦИОНАЛЬНАЯ САМОРЕГУЛЯЦИЯ ПОДРОСТКА С УЧЕТОМ СИБЛИНГОВОЙ ПОЗИЦИИ

Г.А. Төреғалиева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г.Алматы
e-mail: gul_11.98@mail.ru

Резюме

Обычный жизненный ход человека не проходит без психоэмоциональных состояний. С того момента, как ребенок начинает формироваться в утробе матери, он начинает взаимодействовать с окружающим миром на эмоциональном уровне. Даже при рождении основным инструментом ребенка, который не умеет говорить, являются его эмоции. Поэтому не зря эмоции называют первым языком. Важным вопросом является умение регулировать это психоэмоциональное состояние, которое формируется в подростковом возрасте, переходя в стадию индивидуализации через сложные изменения. Усложнение течения времени, повышение притязаний, несомненно, окажут влияние на эту эмоциональную сферу человека. В статье мы проанализировали теоретические научные работы, соответствующие теме исследования. Подростковый период развития является критическим и оказывает свое влияние на формирование личности человека в будущем. В психоэмоциональной саморегуляции подростка мы ориентировались на определение значения очереди рождения в семье. Семья как первая социальная среда становится предпосылкой для правильного психического здоровья ребенка. На основе теоретических накопленных знаний в статье мы остановились на работах ученых, изучавших влияние сиблингвой позиции на формирование индивидуально-психологических особенностей ребенка.

Ключевые слова: подросток, сиблингвая позиция, эмоции, саморегуляция

PSYCHOEMOTIONAL SELF-REGULATION OF A TEENAGER TAKING INTO ACCOUNT THE SIBLING POSITION

G.A.Toregaliyeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: gul_11.98@mail.ru

Resume

The normal course of a person's life does not pass without psychoemotional states. From the moment the baby begins to form in the womb, it begins to interact with the world around it on an emotional level. Even at birth, the main tool of a child who does not know how to speak is his emotions. Therefore, it is not for nothing that emotions are called the first language. An important issue is the ability to regulate this psychoemotional state, which is formed in adolescence, passing into the stage of individualization through complex changes. The complication of the passage of time, the increase in claims, will undoubtedly have an impact on this emotional sphere of a person.

In this article, we have analyzed theoretical scientific papers that correspond to the research topic. The adolescent period of development is critical and has an impact on the formation of a person's personality in the future. In the psychoemotional self-regulation of a teenager, we focused on determining the meaning of the birth queue in the family. The family as the first social environment becomes a prerequisite for the proper mental health of the child. Based on the theoretical accumulated knowledge in the article, we focused on the works of scientists who studied the influence of the sibling position on the formation of individual psychological characteristics of the child.

Keywords: *teenager, sibling position, emotions, self-regulation*

Ғылым мен қоғам алдында тұрған басты мәселелердің бірі өскелең ұрпақтың болашағы, әсіресе психологиялық денсаулықтың маңыздылығын ескеру алдыңғы қатарға шықты десек қателеспейміз. Еңбекке жарамды, бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған тұлға кез-келген әлеуметтің басты күші болып саналады. Осы орайда жастайынан бала бойында қалыптасып, тұлғалану сатысында оның өмірінде ерекше әсер қалдыратын фактор ол - отбасы. Адамның бірінші «тілі» саналатын эмоциялары оның тұтастай ішкі әлемін құрап, сыртқы қарым-қатынас ортасымен байланыстыратын негізгі құралы. Жастайынан психоэмоционалды күйлердің қалыптасуы баланың отбасыдағы туылу кезегіне, оның ата-анасымен, бірге туған бауырларымен қарым-қатынасы кезінде құрылады. Осы уақытқа дейін шет елдік және ресейлік ғалымдар еңбектерінде сиблингті позицияны ескере отырып, балалардың интеллектуалды қабілеті, қарым-қатынас сферасындағы ерекшеліктері зерттеліп, балалардың туылу кезегінің атқаратын рөлі бары анықталған болатын. Бұл зерттеу жұмысы сиблингті позицияның психоэмоционалды өзін-өзі реттеуінде ерекшеліктерді анықтау бағытына баса назар аударады.

Сиблингті позицияның адамның дамуындағы оның психологиялық ерекшеліктеріне туылу кезегі, отбасыдағы балалардың арасындағы жас айырмашылығы, жынысы, ата-ана тәрбиесінің стилі әсерін тигізетінін осыған дейін көптеген шет елдік және отандық ғалымдар еңбектерінде анықталған. Интеллектуалды даму ерекшелігі мен сиблингті рөлдің байланысын алғаш Ф.Гальтон (ағылшынның беделді тұлғалары мысалында) айқындап көрсеткен. Осы тұрғыдан Альберт Йодер, Эллис, С. Шахтер сияқты ғалымдардың кейінгі зерттеулері Гальтонның идеясын дәлелдеді. Сиблингті позицияның тұлға құрылымында алатын рөліне ерекше тоқталған психоаналитикалық зерттеулер болды. Әсіресе, А.Адлердің негізгі көзқарастары адамның индивидуалды тұлғалық қырларының қалыптасуы отбасыдағы позицияға байланысты екенін айшықтайды. А.Адлердің идеясын Вальтер Томан жалғастырды. В. Томанның зерттеулері 50-ші жылдары басталды. Ол сиблингті позицияның болашақ жар таңдауда алатын рөлін жүйелі түрде зерттеген. Ал, 50-ші жылдардың аяғында В.Томанның зерттеуіне қызығушылық тудырған Мюррей Боуэн отбасы психотерапиясы шеңберінде сиблингті позицияны зерттеді. М. Боуэн отбасыны – эмоционалды жүйе ретінде қарастырып, онда дүниеге келген балалардың тұлғасы тікелей олардың функционалды позициясына байланысты деп санады.

Заманауи ғылымдар шеңберінде, соның ішінде антропологияда, социологияда және психологияда қазіргі таңда сиблинг түсінігі кеңінен қолданылуда. Бастапқы шығуы ағылшын тілінен алынатын бұл сөздің тура аудармасы бір ата-анадан туылған балалар дегенді білдіреді. Сиблинг деп жалпы баланың жынысын, жасын жекелеп көрсетпеу үшін атайды. Егер салыстырмалы түсіндірсек біз ер немесе әйел жынысын дифференсациялау үшін гендер терминін қолданамыз, сол сияқты бірге туған бауырларды ғылыми еңбектерде сиблинг деп атау қабылданған. Шет елдік немесе орысша әдебиеттерде балалардың жасын және жынысын, туылу кезегін үлкен немесе кіші деген сөздермен қосып айтады. Ал бізде бір отбасыда бірге туған бауырларды олардың сиблингті позициясын ескере отырып, жынысын бірден анықтап көрсететін

туыстық атаулармен атау қалыптасқан. Қазақ тілінде сиблингті позицияның түрлері: ағалы-інілі, ағалы-қарындасты, апалы-інілі, апалы-сіңлілі деп бөліп көрсетеді. Сонымен қатар сиблингке, отбасыдағы жалғыз бала, егіздер, үшемдер де жатады.

Сиблингті позицияның баланың өмірінде, ата-анасы үшін де балаларының орны олардың туылу кезегіне орай ерекшелетіні белгілі. Отбасының өмірін қарапайым тұрмыстық сипатта бақылап қарасақ та, өз өмірімізден ата-анамызбен, бауырларымызбен қарым-қатынасымызды ойлап қарасақ та біздің туылу кезегіміздің біздің өмірімізге әсері бар екенін көре аламыз. Қарапайым бақылаулар бізге тек көзге көрінетін, біз түсіне алатын нәтижелерді ғана бере алады. Алайда осы сиблингті позицияның психологиялық мәні, баланың туылу кезігі бойынша оның психикалық ерекшеліктерінің қалыптасуына әсерін білу үшін әрине бізге ғылыми әдістерге жүгіну қажет.

Сиблингті позицияның психологиялық қолтаңбасы баланың балалық шағына да ересектік шағында да әсерін тигізеді. Ғалымдардың қызығушылығы туылу кезегінің балалардың қабілеттілігіне байланысы бар жоғын анықтаудан басталды. Алғашқы ғылыми зерттеулер осы бағытқа қарай ойысты. Ең алғаш рет 1874 жылы ағылшын психологі Фрэнсис Гальтон «Ағылшын ғылымының адамдары. Олардың табиғаты мен тәрбиесі» атты еңбегінде отбасыдағы тұңғыш балалар басқалардан ерекше болады деген көзқарасты Британ Королдігінің ғылыми қоғамы мүшелерінің мысалында дәлелдеген. Отбасының бірінші баласы отбасыдағы басқа балаларға қарағанда көп жағдайда танымал тұлға болады деп қорытындылады. Ф.Гальтоннан кейін көптеген ғалымдар өз зерттеулеріне осы ойды арқау ете отырып, Ф.Гальтонның тұжырымын бірнеше мәрте қолдады.

Бұл алғашқы зерттеулер негізінде сиблингті позицияның психологиялық дифференсациясы бары алдыңғы қатарлы ғылыми мәселеге айнала бастады. Әрине бұл зерттеулерде кемшіліктерде болды. Сиблингті позицияның маңызын анықтап қана қоймай, оның психологиялық себеп-салдарыда есепке алынуы қажет. Ғалым ретінде осы тұңғыш балалардың неге беделді тұлғаға айналуы себебі мен шарттарын айқындау әлде қайда пайдалы нәтиже беретін еді. Егер Ф.Гальтонның өзінің өмірбаянына шолу жасасақ, отбасындағы 9 баланың ең кенжесі болған екен. Ағылшын ғылымының көптеген айшықты салаларына із қалдырған тұлғаның туылу кезегі өз зерттеуінен өзгеше. Әрине, сиблингті позиция тұрғысынан қай баланың табысты, қайсысының ақыл немесе беделді болатын осыған қарап дәл солай екен деуге болмайды. Балалардың туылу кезегі біріншіден, ұлттық ерекшелікке – менталитетке, ата-анамен сол нақты сиблингті позициядағы бала арасындағы қарым-қатынас деңгейіне, отбасыдағы тәрбие стиліне, отбасыдағы бала санына, олардың жас пен жыныс айырмашылығына байланысты. Сонымен қатар сиблингті жүйедегі қазіргі таңдағы отбасы институтындағы мәселелерге байланысты, жалғыз басты ананың немесе әкенің тәрбиесі, өгей әкенің немесе ананың, өгей бауырларының болуыда сиблингті жүйені зерттеуде ескерілуі қажет факторлар. Қорытындылай айтсақ, алғашқы сиблингті позицияны зерттеулер бізге алғышарттар бере отырып, әрі қарай тереңдете қарастыруды қажет екенін түсіндірді.

Осылайша, біз көріп отырғанымыздай, XX ғасырдың 20-60 жж. психологтар сиблингтің ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық танытты. Зерттеулер негізінен эмпирикалық сипатта болды: туылу тәртібінің, жыныстың, туылу кезегіндегі жас аралықтың, отбасындағы балалар санының балалардың жеке басына, олардың интеллектуалды дамуына, академиялық жетістіктеріне, шығармашылығына және т.б., сондай-ақ олардың өмір салты қалай қалыптасатынына әсері талданды[1].

Сиблингті позицияның маңыздылығы мәселесін қарастырған алғашқы зерттеулер туу тәртібінің фактор ретінде зерттеуде маңыздылығын көрсетті, бірақ оның тұлғаның қалыптасуына әсер ету себептерін түсіндіре алмады деп қорытынды жасауға болады. Бұл жұмыстардың нәтижелері қойылған сұрақтарға нақты жауап бермеді, көбінесе зерттеулердің теориялық және әдістемелік дамуының жеткіліксіздігінен, олардың туу тәртібінің әсерін дәлелдейтін тиісті факторларды ескермеуіне байланысты болды. Сонымен қатар, таңдау тобының аз болуы, жастық және жыныстық айырмашылықтар ескерілмегендіктен ғылыми негізсіз қалды.

Туу тәртібі теориясының көптеген ережелері кейінгі эксперименттік жұмыстарда да (70-80 жж.) расталмады. Белгілі бір жағдайға байланысты жеке сипаттамалар бір-бірімен ғана емес, сонымен бірге туу тәртібімен де корреляцияланбады. Алайда, 1990 жылдары сиблингті

позицияны зерттеуге деген қызығушылық қайта арта бастады. Бұл зерттеулер отбасы жүйесіндегі сиблингті қарым-қатынастардың алатын рөліне баса назар аударды.

Психологиялық тұрғыдан алғанда сиблингті қарым-қатынас екіжақты сипатқа ие. Бір жағынан, бұл туыстық қатынастар: ең алдымен, отбасы мүшелері өте тығыз эмоционалды байланыстармен, сондай-ақ тәрбие стилдерімен, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлермен байланысты отбасының ішкі жүйесі ретінде қарастырылады. Екінші жағынан, сиблингті қарым – қатынас - бұл құрдастарымен қарым-қатынас тәрізді, яғни сиблингтердің арасындағы жас айырмашылығы қандай болғанына қарамастан. Сонымен қатар, сиблинг отбасы жүйесіне қатты әсер етуі мүмкін, оны қандай да бір жолмен өзгертеді. Бұл сиблинг қарым-қатынастарының тағы бір ерекшелігі. Көптеген адамдар әпке-қарындасарымен және ағаларымен бірге тәрбиеленетіндіктен, бауырлар арасындағы қарым-қатынас, көптеген басқа да әлеуметтік қатынастар сияқты, әртүрлі процестермен сипатталады[2].

Психологиялық талдаулармен қарастыратын босақ кез-келген қарым-қатынастың негізі эмоциялық байланыстардың болуымен түсіндіріледі. Бұл зерттеулерден адамның алғашқы әлеуметтік қарым-қатынасы отбасыдан, соның ішінде сиблингтерден басталадығын көре алдық. Яғни, балалардың эмоционалды дамуының да алғышарттары осы кезеңнен басталады. Психоэмоционалды сфераның дамуына қоршаған ортадан келетін түрлі факторлардың ішінде біз алып отырған зерттеу мәселесіне сай сиблингтік позицияның теориялық рөлі барын анықтадық десек те болады.

Ата-аналардың балаға деген сүйіспеншілігі балалардың болашақ құрдастарымен және басқа сиблингтермен қарым-қатынас кезіндегі мінез-құлығын болжауға мүмкіндік береді. Сәби шақтан бастап ең бірінші ата-ана мен бауырлары алғашқы қарым-қатынасты қалыптастыратындықтан, нәрестеден ерте балалық шаққа және жасөспірімдік кезеңге дейінгі балалардың психологиялық дамуын зерттеуге үлкен қызығушылық бар[3].

Отбасыдағы сиблингтердің болуы жастық шақта да, ересектік кезеңде де адамның жеке басын қалыптастыру процесіне қатысатыны анықталған. Нәтижелерді талдағаннан кейін зерттеушілер «сиблингтердің жынысы да, туылу тәртібі де жасөспірім кезінен бастап тұлғаның қалыптасу процестеріне әсер етеді деген қорытындыға келді»[4].

Отбасының құрамы, оның құрылымы және әр баланың ерекшеліктері жалпы отбасылық қатынастарға әсер етеді. Құлырымға – отбасыдағы сиблингтердің саны, туылу кезегі, жынысы мен жас аралықтары, балалардың өзара әрекеттесу деңгейі жатады. Мысалы, ерте балалық шақта темперамент маңызды фактор болып табылады, ал үлкен балаларда танымдық, жеке және әлеуметтік дағдылар қалыптасатындықтан, олар туыстық қатынастардың маңызды детерминанттары болып табылады.

Сиблингтер арасындағы жағымды қарым-қатынас балалық шақтан жасөспірімдік шаққа дейінгі балалардың өсуіне және дамуына оң әсер етеді. Мұндай өзара әрекеттесулер құрдастарымен оң қарым-қатынас сияқты басқа қатынастарды қалыптастыруға негіз болады. Осылайша, позитивті қарым-қатынас орнатудағы сәтті қадам жасөспірім мен ересек жаста басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас жасау үшін маңызды. Қатыгездік - теріс мінез-құлық белгілері адамдардың шығармашылық деңгейіне әсер етеді, моралды рухын төмендетеді, кездейсоқ оқиғаларға әкелуі мүмкін, этикалық тұрғыдан ойлау қабілетіне теріс әсер етеді және адамдардың талантты қырларын толықтай жүзеге асыруына кедергі келтіреді. Табысты отбасылық байланыстар балалар арасындағы дұрыс, позитивті эмоционалды байланысты күшейтеді. Алайда, бауырлар арасындағы жағымсыз қақтығыстар сәтсіз қарым-қатынасты көрсетуі мүмкін, бірақ оң қақтығыстар бауырлар арасындағы құрмет пен сенімді дамытудың негізі ретінде маңызды болып табылады[5].

Атап айтсақ, отбасыдағы психологиялық климаттың әуел бастан дұрыс бағытта жүргізілуі үшін ата-ана жауапты. Отбасыдағы әрбір баланың орны мен ерекшелігін елеп-ескерумен қатар, қарым-қатынастарында әділетті болу, жағымды мінез-құлық үлгілерін үйретуде баса назар аудару керек. Қай кезеңде болмасын отбасыдағы бауырлар арасындағы келеңсіз қақтығыстар қалыпты болып саналады. Алайда, осы конфликтердің сәтті шешілуі сиблингтер арасындағы қарым-қатынасты барынша нығайта түсуге көмек береді. Отбасыда балалар өз эмоцияларын нақты ситуациялар кезінде ашық білдіреді. Негативті эмоциялардың бауырлар арасында болуы

күнделікті жағдай болғанымен, кейіннен ерексектік кезең де немесе құрбы-құрдастарымен, тіпті болашақ отбасы құру мәселесінде олардың бейімделуіне өз әсерін тигізеді.

Баланың отбасыдағы туылу кезегі мен тұлғалық дамуы арасындағы тәуелді байланысты алғаш рет А.Адлер сипаттады. Сиблингті позиция бұл туылу реті, бала дамуындағы арнайы әлеуметтік жағдай, әлемге көзқарасы, қарымқатынасы мен іс-әрекеті, ересектер мен құрдастарымен әрекеттесу формасы. А.Адлер мынандай сиблингті позицияларды бөліп көрсетті: жалғыз бала, үлкен бала, ортаншы бала, ең кіші бала.

Отбасындағы жалғыз бала, әдетте, ата-ананың назарында, оған көп уақыт пен күш жұмсалады, оның жетістіктері назардан тыс қалмайды, ол ата-ананың сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан тыс қалмайды. Жалғыз баланың дамуының күшті жақтарына, әдетте, интеллектуалды дамудың жоғары деңгейі тән, ал әлсіз жақтарына - жақын құрдастарымен өзара әрекеттесуде, тең қарым-қатынас орнатуда, ынтымақтастық тәжірибесінің жоқтығы, эмоционалды және тұлғалық эгоцентризмнің белгілі бір дәрежесінің болуымен ерекшеленеді.

Отбасындағы үлкен бала ерте ме, кеш пе, кіші балалардың пайда болуына байланысты белгілі бір міндеттерді орындау үшін жауапкершілікті өз мойнына алу қажеттілігіне тап болады. Бұл ұстаным кейінірек, өз отбасында, қамқоршы рөлін қабылдауға деген ұмтылысқа әкеледі. Алайда, балалық шақта отбасында басқа баланың туылуынан туындаған қызғаныш, әсіресе, ата-ананың сүйіспеншілігінің жалғыз нысаны ретінде өзінің орнын жоғалту, оны басқа біреумен бөлісу қажеттілігі көбінесе невротикалық махаббаттың тууына әкеледі.

Отбасындағы ең кіші балаға ең үлкен қамқорлық беріледі. Оның отбасындағы позициясы жалғыз баланың позициясымен байланысты ұқсастықтарға ие. Айырмашылығы – отбасыдағы кіші баланың ата-анасы білім беру, тәрбие мәселелерінде тәжірибелі болатындықтан, аз қателіктер жібереді, бірақ сонымен бірге кіші балаға аз талап қояды, жоғары жетістіктерге жетуін міндеттемейді. Кіші баланың басқа сиблингтерге деген қызғанышы жоқ, қауіпсіздік сезімі басым болады. Бірақ оның көшбасшылықты жүзеге асыру мүмкіндіктері шектеулі және мақсаттарға қол жеткізудегі талаптары мен табандылық деңгейі төмен болып келеді.

Отбасыдағы ортаншы бала – үлкен бала мен кіші баланың жоғарыда айтылған барлық артықшылықтары мен кемшіліктерінің бірігуін құрайтын ең күрделі позиция. Осы тұрғыда айта кететін қызықты мәлімет, Ф.Салловей тарихтағы беделді тұлғалардың биографиясын зерттеу арқылы, ғылымдағы ең атышулы ашылулар, саяси революциялық өзгерістер, қоғамдағы белгілі төңкерістер отбасында ортаншы болған тұлғалардың атымен тығыз байланысты екенін анықтаған. Ортаншы балалар потенциалды ізденіске және жаңашылдықты табуға деген ерекше әлеуметтік қабілетке ие болып келеді. Олар тыныштықты бұзуға және билікті тайдыруға еш тайсалмайды.

Ф.Салловей эволюциялық-психологиялық тұрғыдан ортаншы балалардың позициясын «ресурс үшін күрес» концепциясы арқылы, жоғарыда айтылған тұлғалық ерекшеліктердің генезісін түсіндіреді. «Ресурс үшін күрестің» мәні – отбасыдағы барлық бала ата-ана тарапынан берілетін ресурстар: сүйіспеншілік, уақыт, қамқорлық, жылулық, мейірім т.б. өзара бөлісулеріне тура келеді. Ата-ана тарапынан болатын осы ресурстар сиблингтер арасында амбивалетті бәсәселестік қарым-қатынасын туғызады. Осы күресте көбіне жеңімпаз болып шығатын ол – отбасыдағы үлкен мен кіші бала. Тұңғыш бала ата-анасының жүрегінен дүниеге келмес бұрын ерекше орын алып алады, ал өзінен кішілерге ол орын қалай болғанда да бұйырмайтынын біледі. Ал, кіші балалар немене кенже өзінен кейін ата-ана сүйіспеншілігі үшін таласатын ешкім жоқтығынан, ал үлкен бауырлары есейіп кеткендіктен үнемі толық қамқорлықта болады. Байқағанымыздай, осы жерде ортаншы балалардың өмір сүру стратегиясы қалыптасады. Олар көбіне үлкен мен кіші баланың көлеңкесінде қалып қояды. Сол үшінде орташы балар отбасыдан тыс өзін-өзі маңыздандыруға баса назар қояды. Отбасының ортаншы балаларының ерте тәуелсіз болып, кейде дәстүр мен жүйеге сыймай жаңа қарым-қатынастар құруға деген ұмтылысын түсіндіруге болады.

Заманауи психологиялық зерттеулерде сиблингті позиция феномені және оның бала тұлғасының қалыптасуында алатын орны әлі күнге дейін өзекті әрі теориялық маңызды. Аталған зерттеулер үйлесімді ересек тұлға тәрбиелеуге деген әлеуметтік сұранысты өтеп қана қоймай, отбасыдағы тәрбие тәжірибесін оптимизациялауға қажетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЭБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Зырянова Н.М. Ранние сиблинговые исследования [Электронный ресурс] // Психологические исследования: электрон. науч. журн. 2008. N 2(2). URL: <http://psystudy.ru>
2. Алибегашвили Н.М. Основные подходы в изучении сиблинговых отношений [Электронный ресурс] // Мир науки. Педагогика и психология, 2019, Том 7. №4, <https://mir-nauki.com/PDF/24PSMN419.pdf>
3. Уард М., Воган Б. и Робб М. Социально-эмоциональные адаптации и привязанность младенцев и матерей к братьям и сестрам: роль матери в согласованности между братьями и сестрами. Развитие ребенка №59, 2008, с. 643–651.
4. Вонг Т., Бранье С., Вандервок И. Роли братьев и сестер в развитии личности в подростковом и юношеском возрасте. Журнал подросткового возраста №33, 2010, с. 673–682.
5. Воллинг Б., Ию Т., Гонсалес Р., Кеннеди Д., Дети – это реакция на мать и ребенка и взаимодействие с младшим братом: ревность или радость? Журнал семейной психологии 28 (5), 2014, с. 634–644.